

Фашизмнің бұрынғы тұтқындарына өтем төлеудің тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 16 қазан N 1331

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының, Украинаның және Германия Федеративтік Республикасының арасындағы 1993 жылғы 30 наурыздағы Келісіммен неміс басқыншылары Ұлы Отан соғысы жылдарында бұрынғы КСРО аумағынан күштеп әкеткен, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында тұратын азаматтарға олар сол аумақтан әкетілген республикалардың өзара түсіністік және татуластық қорынан өтем төлейтін болып белгілегені еске алынсын.

2. Фашизмнің бұрынғы тұтқындарына өтем төлеудің қоса беріліп отырған Тәртібі
б е к і т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:
кажетті құжаттарды әзірлеуді және оларды өтем төлеуге арналған соманы анықтау үшін тиісті республикалардың өзара түсіністік пен татуластық қорларына ұсынуды
ұ й ы м д а с т ы р с ы н ;

фашизмнің бұрынғы тұтқындарына өтемнің бөлінуіне және
төленуіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне фашизмнің
бұрынғы тұтқындарына өтем төлеу кезінде Қазақстан Республикасының
Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне валюталық есепшот ашу
ұсынылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 16 қазандағы

N 1331 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Фашизмнің бұрынғы тұтқындарына өтем төлеудің

Т Ә Р Т І Б І

I. Өтем алуға құқығы бар азаматтардың санаттары

1. Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс басқыншылары бұрынғы КСРО аумағынан күштеп әкеткен немесе бұрынғы КСРО-ның жаулап алынған аумағында нацистік лагерлерде ұсталған Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың өтем алуға құқығы бар.

2. Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Украина айқындаған қуғын-сүргіннің ауыртпалығына қарай өтем алуға құқығы бар азаматтардың санаттарына мыналар жатады:

қуғын-сүргін қолданған сәтте 18 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған тұтқындар, Германияның және оның одақтастарының аумағында, сонымен бірге бұрынғы КСРО-ның жаулап алынған аумағында немесе немістердің жаулап алуына ұшыраған және басқа мемлекеттерде орналасқан нацистік концлагерлерде, түрмелерде, лагерь режиміндегі геттоларда, еңбек лагерлерінде, күштеп ұстайтын және күштеп жұмыс істететін және басқа жерлерде болғандар, сондай-ақ сонда туғандар;

лагерь режиміндегі фашистік концлагерлердің, түрмелер мен геттолардың жасы кәмелетке толған тұтқындары;

еркінен тыс жұмыс істеткізу үшін бұрынғы КСРО аумағынан Германияға, онымен одақтас елдеріне және өздері жаулап алған мемлекеттерге күштеп әкетіліп, лагерь режимі жағдайында ұсталған азаматтар қатарынан жасы 18-ден асқан адамдар;

18 жастан асқанда еркінен тыс жұмыс істеткізу үшін бұрынғы КСРО аумағынан күштеп әкетілген және кәсіпорындарда, село әрі үй шаруашылығында жұмыс істейтін, бірақ лагерь режимінде ұсталмаған азаматтар.

3. Германияға өз еркімен жұмыс істеуге кеткен адамдардың, соның ішінде солармен бірге кеткен жасы кәмелетке толмаған балалардың, сондай-ақ Отанға немесе адамзатқа қарсы қылмыс жасаған азаматтардың өтем алуға құқы жоқ.

II. Өтем мөлшері

4. Өтем мөлшерін төлем жасау солар арқылы жүзеге асырылатын өзара түсіністік және татуластық қорлары өз азаматтарына өтем төлеу үшін қолданылатын шартпен және тәртіппен айқындайды, атап айтқанда:

өтем мөлшері аталған төлемдерге құқы бар адамдардың санаттары, тұтқында болған уақытының ұзақтығы, оған медициналық тәжірибенің жүргізілуі, мүгедектігі және басқалары ескеріле отырып белгіленеді.

5. Өтемнің жалпы мөлшері өтем алуға құқы бар азаматтардың санаттарына қарай сараланатын біржолғы сомадан, еркінен тыс еңбек еткен әрбір ай үшін қосымша сараланатын үстеме сомадан және басқа үстемелерден құралады.

6. Күштеп ұсталған жерлерде болғандығы туралы құжаттарда сол жерлерде болған уақытының ұзақтығы туралы деректер болмаған жағдайда өтемнің біржолғы мөлшері төленеді.

7. Тиісті жақтар өтемді есептеуді неміс маркасымен жүргізеді.

III. Өтем төлеу туралы мәселені шешу үшін қажетті құжаттар

8. Өтініш беруіне байланысты өтем төлеу туралы мәселені қарауға мынадай құжаттар жарамды болады:

архивтік мекемелер, Қорғаныс министрлігінің, ҰҚК-нің (бұрынғы МҚК-нің), Ішкі іс министрінің органдары, әскери бөлімдер немесе одақтық әскерлер, Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамдары, Халықаралық іздестіру қызметі, музейлер, соның ішінде бұрынғы нацистік концлагерлер орналасқан жерлерде құрылған музейлер берген анықтамалар;

балалар үйінің түлектері тіркелген кітаптан көшірімдер; неміс өкіметі берген анықтамалар (мәселен, бұрынғы совет азаматтарының және басқалардың еңбегін еркінен тыс пайдаланатын қайсыбір неміс кәсіпорындарына кіруге рұқсат қағаздар және басқа).

9. Қажетті құжаттар мен айғақтамалар болмаған немесе олардағы деректер жеткіліксіз болған жағдайда қарауға мыналар қабылдануы мүмкін: лагерлік номерлер туралы деректер;

1985 жылға дейін толтырылған жеке іс қағазындағы еркінен тыс жерлерде болғандығын көрсететін анкетасынан немесе өмірбаянынан көшірімдер;

өтініш жасаушының нацистердің қудалауында болғандығы туралы мәліметтер жазылған сот іс қағазынан көшірімдер, үзінділер, анықтамалар;

егер бұл өтініш жасаушыны қуғын-сүргінге ұшыратуға соқтырса отбасы мүшесінің және жақын туыстарының партизандарға, астыртын жұмыс істеушілерге, Қызыл Армияның командалық құрамына, кеңес белсенділеріне жататындығын растайтын көшірімдер;

музейлердің материалдары, баспасөз бетіндегі мақалалар, т.б.;

нацистік қуғын-сүргін құрбандарының еркінен тыс ұсталатын жерлерде болғандығын және фактісі мен болу мерзімінің ұзақтығын анықтағаны туралы сот айқындамасы;

өтініш жасаушының еңбегін еркінен тыс пайдаланған адамдардың белгіленген тәртіппен жазбаша куәландірілген растаулары.

Еркінен тыс ұстайтын жерде болу фактісі бірге болудың күні мен мерзімін атай отырып екі куәгердің көрсетулері негізінде белгіленген тәртіппен айқындалуы мүмкін. Бұл орайда тұтқынды еркінен тыс ұсталған жерден білетін бір куәгер өзінің еркінен тыс жерде болғандығын растайтын құжатқа ие болуға тиіс.

Шетелдегі куәгерлердің жазбаша көрсетулері нотариалдық тәртіпте куәлендірілуі және Қазақстан Республикасының Сыртқыісминінде расталуы керек.

Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы және Украина қабылдаған өтем төлеу туралы мәселені шешу үшін қосымша деректерді қолдану мүмкіндігі жөніндегі нормативтік актілердің ерекшелігін ескере отырып, осы деректер бойынша түпкілікті бағасын беріп, шешім шығару аталған мемлекеттердің тиісті қорларына қалдырылады.

10. Егер өтініш жасаушыда өтем алу құқын және оның мөлшерін анықтайтын қажетті құжаттар жетіспей жатса, тиісті мекемелер, соның ішінде халықты әлеуметтік қорғау органдары жетіспеген құжаттар мен айғақтамаларды алуға, архивтік және басқа мекемелерге сұрау салу жіберуге қоса көмектеседі.

IV. Өтем алуға өтініш жасаудың тәртібі

11. Өтем алуға үміткер адам тұрған жері (тіркелген жері) бойынша халықты әлеуметтік қорғаудың қалалық немесе аудандық бөліміне жазбаша өтініш береді.

Өтініш жасаушының өтем алуға құқы бар екенін растайтын жоғарыда аталған қажетті құжаттар өтінішке қоса беріледі. Бұл орайда құжаттар түп нұсқасында немесе көшірмесі бойынша (соның ішінде суреті және көбейткіштен өткізілгені қабылданады). Көшірмені нотариалдық кеңсе немесе өтем алуға құжатты ресімдейтін халықты әлеуметтік қорғау бөлімі куәлендіру керек.

12. Бұл мәселенің күрделілігі мен ерекшелігін, құжаттарды өте мұқият қабылдау қажеттігін, оларға дұрыс баға берілуін ескере отырып, барлық облыстардың, қалалар мен аудандардың халықты әлеуметтік қорғау бөлімдерінде жұмыстың осы учаскесіне неғұрлым даярлығы мол және білікті қызметкерлерді қою керек.

13. Бөлім қызметкері өтініш пен құжаттарды қабылдай отырып, өтініш жасаушының жеке басын, жасын және тұрған жерін куәландыратын құжат деректерімен танысады, өтінішті рет номерін және қабылдаған күнін көрсете отырып, арнайы журналға тіркейді, паспорттан көшірім жасайды, оған бөлім меңгерушісі қолын қойып куәландырады және мөр басылады.

Қабылданған өтініш пен құжаттарға екі данада қолхат жасалады, онда бөлімге өткізілген құжаттардың саны ретімен тізбеленіп, оны қабылдаған күн мен тіркелу номері көрсетіледі. Қолхаттың бір данасы өтініш иесіне беріледі, ал екіншісі құжаттармен бірге сақталады.

14. Тапсырылған құжаттардың ресімделуіне және қаралуына қарай халықты әлеуметтік қорғаудың қалалық немесе аудандық бөлімі оларды халықты әлеуметтік қорғаудың облыстық басқармасына ұсынады. Тексеруден өткеннен кейін барлық қажетті құжаттар Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жіберіледі.

Өтем алу құқы туралы одан әрі шешім қабылдауды және өтем төлеу үшін құжаттарды өзара түсіністік пен татуластықтың тиісті қорына жіберуді Қазақстан

Республикасы Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұсынысымен Қазақстан Республикасында тұратын фашизмнің бұрынғы тұтқындарының құжаттарын қарау және оларға өтем төлеу жөніндегі Мемлекеттік білікті комиссия шешеді.

V . Ө т е м т ө л е у

15. Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасы мен Украинаның өзара түсіністік және татуластық қорларының өтем төлеуге арналған сомалары Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісіндегі Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің валюталық есепшотына аударылады.

16. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өтем төленуге тиісті адамның тұрған жеріне қарай өтем төлеуге арналған соманы оның өз мақсатында төленуін ұйымдастыру үшін фашизмнің бұрынғы тұтқындарына өтем төлеу кезеңінде Қазақстан Республикасы Халықтық банкінің облыстық филиалдарында ашылатын облыстардың, Алматы қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармаларының есепшотына аударды.

17. Облыстардың, Алматы қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармалары өтем сомаларын Қазақстан Республикасы Халықтық банкінің тиісті филиалдарына аударғаннан кейін өтем алуға құқы бар адамдардың тізімін, алатын нақты сомасын неміс маркасымен көрсете отырып жасайды және сонымен бір мезгілде оны алушыларға хабарлайды.

18. Өтем төлемдері есептелген аударым жасалған күнгі мерзіммен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша неміс маркасында немесе алушының қалауы бойынша ұлттық валюта - теңгемен жүргізіледі.

Өтем төлейтін банктердің бөлімшелері төленген төлемдер туралы тиісті халықты әлеуметтік қорғау органдарына он күн сайын хабарлап отырады, ал олар өз кезегінде 3 күн мерзімде өтем алған адамдардың аты-жөні жазылған тізімді, алған өтем сомасы мөлшерін бірге көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ұсынады.

Ескерту. 18-тармақтың 1-абзацы сөздермен толықтырылды - ҚРМК-нің 1996.03.01. N 269 қаулысымен. P960269_

19. Өтем нотариалдық тәртіпте куәландырылған яки үй басқармасы немесе өтем алушының тұрған жеріндегі тұрғын үй шаруашылығының басқа да ұйымы куәландырған, сондай-ақ өтем алушы стационарлық ем алып жатқан жердегі емдеу мекемесі куәландырған сенім-хат бойынша төленуі мүмкін.

20. Өтініш берген адамға өтем төлеу орынды деп ұйғарылғаннан кейін ол адам қайтыс болып кетсе оған тиесілі өтем сомасын оның отбасының асыраушысынан айрылуына байланысты зейнетақы алатын мүшелеріне, сондай-ақ еңбек ету қабілетіне және олар оның қарауында болған-болмағанына қарамастан төленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК